**Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 мамыр N 591. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.24. N 1382 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 K952347_ қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы., 1995 ж, N 21, 235-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасында 1995-1997 жылдары жалпыға бірдей құқықтық оқудың кешенді бағдарламасы;

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацы алынып тасталды - ҚРҮ-нің 1996.08.07. N 981 қаулысымен. P960981_*

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, олардың аумақтық органдары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, олардың ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындары, мекемелері "Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 21, 235-бап) талаптарының орындалуын ұйымдастыру және қаржы-материалдық жағынан қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. <*>

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРҮ-нің 1996.08.07. N 981 қаулысымен.*

4. Кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары 1996 жылға арналған құқықтық аттестация өткізудің кестесін бекітсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҮ-нің 1996.08.07. N 981 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі министрлігі, Білім министрлігі басқа да мүдделі органдармен бірлесіп тәрбиелеу мекемелерінде жазасын өтеуші, милиция органдарында есепте тұратын кәмелетке жетпеген жасөспірімдерді құқықтық оқыту және тәрбиелеу бағдарламасын 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шараларды жүзеге асыру және өткізу үшін 1996 жылы мынадай қаржыландыру жүргізсін:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ғылымға және әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді қаржыландыруға арналып республика бюджетінде көзделген қаражат шегінде 7,0 миллион теңге мөлшерінде;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтына білім беру және кәсіби даярлыққа арналып республика бюджетінде көзделген ақша бөлу сметасын нақтылау есебінен 6,0 миллион теңге мөлшерінде.

7. "Қазақ ССР-інде жалпыға бірдей праволық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 27 қыркүйектегі N 390 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 мамырдағы
N 591 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған жалпыға бірдей құқықтық оқудың кешенді Бағдарламасы**

| р\с | Шаралар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | I. Жалпы мәселелер | | |
| 1. | 24-30 сағаттық жылдық оқу бағдарламасы бойынша құқық білімдерінің тұрақты жұмыс істейтін мектептерінде (курстарында) құқықтық оқыту (айына кемінде екі-үш рет) | министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, олардың аумақтық органдары, Үкімет жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері, ұйымдардың басшылары | тұрақты түрде |

| | | |
|---|---|---|
| 2. Азаматтардың әртүрлі санаттарының жас шамасы, кәсіптік және басқа да ерекшеліктері ескеріліп, құқықтық оқудың тақырыптық жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу | Әділет министрлігі, Білім министрлігі, Еңбек министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі ұлттық агенттік, Қорғаныс министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы | 1996 жылдың II-III тоқсаны |

Ескертпе. Жоспарлар мен бағдарламалар әзірленгенге дейін құқықтық оқу, министрліктер, ведомстволар, олардың аумақтық органдары, әкімшілік аумақтық бірліктердің әкімдері мен ұйымдар әзірлеген бағдарламалар бойынша жүргізіледі .

| | | |
|---|---|---|
| 3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 21 маусымдағы N 2347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын. дағы Жалпыға бірдей құқықтық оқу туралы ережеге сәйкес азаматтардың әртүрлі санаттарының құқықтық оқуға жеке тұрғыдан келуін ескеріп, тыңдаушылар құрамын белгілеу | Үкімет жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институты, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және олардың аумақтық органдары, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері, кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары | 1996 жыл мамыр |
| 4. Қазақстан Республикасының облыстарында, аудандарында базалық кәсіпорындар, мектептер, училищелер, техникумдар, жоғары оқу орындарын белгілеу, онда оларға құқықтық оқудың оқу-әдістемелік орталықта. рының қызметі жүктелген, қажетті материалдармен, көрнекі оқу құралдарымен, анықтамалық-заңгерлік әдебиетпен, техникалық құралдармен жабдықталған құқықтық оқу кабинеттерін жарақтау | Әкімшілік - аумақтық бірліктердің әкімдері мен әділет басқармалары, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволар. дың, сондай-ақ кәсіпорындардың мекемелердің аумақтық органдарының басшылары | 1996 жылдың II-ші жарты жылдығы |

II. Оқушы жастардың құқықтық оқуын ұйымдастыру

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде құқықтық оқуды ұйымдастыру | | |
| 5. | Мектеп жасына дейінгі балаларға құқықтық тәрбие берудің нысандары мен әдістерін әзірлеу және оларды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде енгізу | Білім министрлігі, Әділет министрлігі және олардың аумақтық органдары | 1996 жылдың бірінші жартыжылдығы |
| 6. | Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысқа арналған құқықтық тәрбие және оқыту бойынша әдістемелік құралдар, оқу материалдарын әзірлеу | Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Әділет министрлігі | Бұл да сол |
| 7. | Мектеп жасына дейінгі балаларға құқықтық тәрбие беру жөніндегі лекторийлер және ата-аналарды дайындаудың басқа да нысандарын ұйымдастыру | Білім министрлігі, облыстардың, қалалардың, аудандардың білім басқармалары (бөлімдері), мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, әділет басқармаларының басшылары | 1)ұйымдас. тыру мәселелерін шешу 1996 жылдың II-III тоқсандары 2) басқа мәселелерді шешу тұрақ- ты түрде |
| | Жалпы білім беретін мектепте құқықтық оқуды ұйымдастыру | | |
| 8. | Білім жалғастығын, оның үздіксіздігін, жалпы білім беретін мектепте бүкіл оқу кезеңінде құқықтық білімдерді біртіндеп тереңдетуді қамтамасыз ету арқылы оқытудың 1 класынан | Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы | 1996-1997 оқу жылынан бастап |

бастап "Мораль және құқық негіздері" міндетті пәнін енгізу мәселесін шешу

9. Бастауыш мектепте (1-4 кластарда) "Мораль және құқық негіздері" пәні шеңберінде құқықтық оқуды "Қоршаған ортамен танысу" курсы негізінде жүргізу | Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы | 1996/1997 оқу жылынан бастап

10. Толық емес орта мектепте (5-8 кластар) "Құқық негіздері" пәнін құқық, мемлекет, заңдылық, құқық сақтау, заң алдында жауапкершілік туралы бастапқы білімдерді тереңдету және арттыру, әлеуметтік әділеттілік, адамның зор азаматтығы жеке тұлғаның орнықты имандылық-құқықтық қасиеттері туралы түсініктерді қалыптастыру жолымен ұйымдастыру | Бұл да сол | Бұл да сол

11. 9-шы класта Қазақстан Республикасы Конституциясының және конституциялық заңдарының ережелерін зерделеу | Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы | 1996/1997 оқу жылынан бастап

12. 10-11 кластарда құқық салалары бойынша негізгі ережелерді зерделеу | Бұл да сол | Бұл да сол

13. Оқытудың негізгі нысандарын олимпиадалар, клубтар, үйірмелер, т.т. әзірлеу. Оқу процесінде техникалық құралдарды, құқықтық проблемалық жағдайлар шешілетін іскерлік ойындарды пайдалану | Бұл да сол | Бұл да сол

Арнаулы орта және жоғары оқу орындарында құқықтық оқытуды ұйымдастыру

14.Арнаулы орта және жоғары оқу орындарындағы құқықтық оқытудың үздіксіздігі мен жалғастығын қамтамасыз ету | Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - ғылым академиясы | 1996/1997 оқу жылынан бастап

15.Оқу орнының ерекшелігін ескеріп, қолданылып жүрген заңдардың негізгі ережелерін тереңдете зерделеу | Бұл да сол | Бұл да сол

16.Оқу процесін жүргізудің әртүрлі нысандарын әзірлеу. Құқықтық білімдерді тереңдетуге бағытталған шаралар енгізу | Бұл да сол | Бұл да сол

17.Құқықтық білімдерді кеңейту, оларды терең игеру және құқықтық материалды нақтылау. "Мамандандырудың құқықтық мәселелері, оның неғұрлым өзекті проблемалары", "Ғылыми-техникалық прогресті құқықтық қамтамасыз ету" және т.б. арнаулы курстарын енгізу | Бұл да сол | Бұл да сол

18.Құқықтық пәндерді зерделеу бойынша оқу және оқудан тыс процестерді ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін әзірлеу | Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылыми академиясы | 1997/1998 оқу жылынан бастап

Ұйымдастыру мәселелерін шешу

19.Құқықтық оқу бойынша оқу жоспарлары мен бағдарлама. ларын әзірлеу: мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері; жалпы білім беретін | Білім министрлігі , Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Әділет министрлігі | 1996 жылдың екінші жарты жылдығы/ 1997 жыл

мектептер;
арнаулы орта және жоғары
оқу орындары үшін
20.Азаматтардың әртүрлі санат. Әділет министрлігі, 1996/1997
тарына құқықтық сананы Ғылым министрлігі - жылдар
қалыптастыру және құқықтық Ғылым академиясы,
тәрбие берудің өзекті Білім министрлігі
мәселелері бойынша нысаналы
зерттеулер жүргізу
21.Білім беру мекемелерінде Білім министрлігі, 1996 жылдың
құқықтық оқытуды ұйымдастыру Ғылым министрлігі - екінші жарты
бойынша ұсынымдар, Ғылым академиясы, жылдығы -
оқу-әдістемелік материалдар Әділет министрлігі 1997 жылдың
дайындау бірінші жарты
жылдығы
22.Мектеп жасына дейінгі Білім министрлігі, 1997-1998
балалар мекемелері, жалпы Әділет министрлігі, жылдар
білім беру мектептері, Ғылым министрлігі -
арнаулы орта және жоғары Ғылым академиясы
оқу орындары үшін оқулықтар,
оқу құралдарын, көрнекі
оқу құралдарын, және т.б.
оқу-әдістемелік материалдар
дайындау және басып шығару
23.Оқу орындарындағы құқық Білім министрлігі, 1) ұйымдастыру
пәндері оқытушыларын ұдайы Әділет министрлігі, мәселелерін шешу-
қайта даярлауды және олардың аумақтық 1996 жыл;
біліктілігін көтеруді органдары 2) басқа
ұйымдастыру мәселелерді
шешу тұрақты
түрде
24.Педагогикалық жоғары оқу Білім министрлігі 1997-1998
орындарында құқық және тарих жылдар
пәндері мұғалімдерін даярлау
жөнінде бөлімшелер ашу,
педагогикалық училищелердің
мектеп жасына дейінгі балалар
мекемелері мамандарын дайындау
бөлімшелерінде мектеп жасына

дейінгі балалар мекемелерінде
құқықтық тәрбие беру
әдістемесі бойынша пәнді
зерделеуді енгізу
25.Ішкі істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, 1)ұйымдастыру
Жастар ісі, туризм және Жастар ісі, туризм мәселелерін
спорт министрлігі, Білім және спорт министрлігі, шешу - 1996
министрлігі әзірленген Білім министрлігі жылдың III-IV
бағдарлама негізінде тоқсандары;
тәрбиесі "қиын" 2) басқа
жасөспірімдерге, сондай-ақ мәселелерді
тәрбиелеу мекемелеріндегі шешу - тұрақты
кәмелетке жетпеген түрде
жеткіншектерге құқықтық
тәрбие беру және оқытуды
қамтамасыз ету

III. Халықтың әртүрлі санаттарын құқықтық оқыту

26.Құқықтық оқытуды Қазақстан министрліктер, 1)ұйымдастыру
Республикасындағы жалпыға мемлекеттік комитеттер, мәселелерін
бірдей құқықтық оқу туралы ведомстволар, олардың шешу - 1996
ережеге және Қазақстан аумақтық органдары, жылдың
Республикасының Карулы әкімшілік аумақтық бірінші жарты
Күштеріндегі әскери бірліктердің әкімдері, жылдығы;
қызметшілер мен азаматтық кәсіпорындардың, 2) басқа
құрамның жалпыға бірдей мекемелердің басшылары, мәселелерді
құқықтық оқуын ұйымдастыру әскери бөлімшелердің шешу тұрақты
туралы ережеге сәйкес командирлері түрде
ұйымдастыру және жүргізу
27.Тұрақты жұмыс істейтін Әділет министрлігі, 1996 жыл
құқықтық білімдер Ғылым министрлігі -
мектептерінде құқықтық Ғылым академиясы
оқытуды ұйымдастыру үшін
оқу материалдарын, көрнекі
оқу құралдарын және т.с.
әзірлеу және басып шығару

IV. Құқықтық аттестация

28<*>
29.Министрліктер, мемлекеттік 1996 жыл
комитеттер, ведомстволар

аппараттарының және олардың
аумақтық органдарының
лауазымды адамдарын,
мамандарын,
әкімшілік-аумақтық
бірліктердің әкімдерін,
кәсіпорындар мен мекемелер
басшыларын құқықтық
аттестациядан өткізу <*>

*ЕСКЕРТУ. 28 рет нөмірі, 29 рет нөмірінің 2 бағанындағы сөздер алынып тасталды - ҚРҮ-нің 1996.08.07.N 981 қаулысымен.*

30.Кәсіпорындар мен кәсіпорындар мен 1996 жыл
мекемелердің лауазымды ұйымдардың басшылары
адамдарын құқықтық
аттестациядан өткізу

31.Жұмысының ерекшелігіне Әділет министрлігі, 1996 жылдың
қарай басшы кадрлар мен Білім министрлігі, мамыр-
мамандарды аттестациялау Қорғаныс министрлігі, маусымы
үшін құқықтық мәселелердің еңбек министрлігі
үлгілік тізбелерін әзірлеу

V. Қазақстан Республикасындағы құқықтық
оқытуды кадрмен қамтамасыз ету

32.Министрліктерде, мемлекеттік министрліктер, 1996 жылдың
комитеттерде, олардың мемлекеттік комитеттер бірінші жарты
аумақтық органдарында, олардың аумақтық жылдығы
әкімшілік-аумақтық бірліктер органдары,
әкімдерінің аппараттарында, әкімшілік-аумақтық
кәсіпорындарда, мекемелерде бірліктердің әкімдері,
тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындар мен
құқықтық білім мектептерінде мекемелердің басшылары
ұйымдастыру және ақпараттық
қамтамасыз ету жөнінде
жұмыс органдары (комиссиялар)
құрылып, оларға мынадай
міндеттер жүктелсін:
нақты оқу жоспарлары мен
бағдарламалар жасау;
жоспарлар мен бағдарламалар
негізінде баяндамалардың,

лекциялардың тезисін жасау;
мектептерді көрнекі
құралдармен, оқу
материалдарымен және басқа
да оқу құралдарымен
жабдықтау;
тыңдаушылардың қатысуын
қамтамасыз ету;
сабақтардың уақтылы және
сапалы жүргізілуіне бақылау
жасау;
басқа да ұйымдастыру
мәселелерін шешу

33.Жалпыға бірдей құқықтық тұрақты
оқуды ұйымдастырудың түрде
негізгі мәселелерін
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 5 мамырдағы
N 624 қаулысымен
бекітілген Мемлекеттік
басқару органдары мен
олардың ведомстволық
бағыныстағы кәсіпорындарының,
мекемелерінің заң қызметі
туралы ереже негізінде
орталық және жергілікті
атқару органдарының,
олардың ведомстволық
бағыныстағы кәсіпорындарының,
мекемелерінің заң қызметтері
шешеді

34.Оқу жоспарлары мен Үкімет жанындағы тұрақты
бағдарламаларына сәйкес Мемлекеттік қызметші. түрде
құқықтық оқытуға құқықтық лерді қайта даярлау
және басқа мемлекеттік және біліктілігін
органдардың нақты көтеру институты,
қызметкерлерінің, министрліктер,
ғалымдардың, тәжірибелі мемлекеттік комитеттер

| | | |
|---|---|---|
| заңгерлердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету | ведомстволар және олардың аумақтық органдары, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері, әділет басқармалары | |

VI. Жалпыға бірдей құқықтық оқуға бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы

| | | |
|---|---|---|
| 35.Мерзімдік басылымдарда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдардың және құқықтық қолдану тәжірибесін түсіндіретін айдарлар ашу | Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесіп Әділет министрлігі, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері, облыстық, қалалық және аудандық газеттердің редакциялары | 1996 жыл |
| 36.Халыққа жалпыға бірдей құқықтық оқу бойынша арнаулы хабарлар ұйымдастыру | "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясымен бірлесіп Әділет министрлігі, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері, теледидар және радио хабарын тарату жөніндегі комитеттер | Бұл да сол |
| 37.Мерзімді басылымдар, радио хабарын тарату және теледидар редакцияларында құқықтық тәрбие бөлімдерін ашу мүмкіндігін қарау | Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесіп Әділет министрлігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері, | Бұл да сол |

облыстық және аудандық газеттердің редакциялары, теледидар және радио хабарын тарату жөніндегі комитеттер

38.Жалпыға бірдей құқықтық оқу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету — Әділет министрлігі, Білім министрлігі, Ішкі істер министрлігі және басқа құқық қорғау органдары, сот органдары, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы — тұрақты түрде

VII. Мәдени-ағарту мекемелерінің жалпыға бірдей құқықтық оқуға қатысуы

39.Мәдениет мекемелерінде халықтың жалпыға бірдей құқықтық оқуын ұйымдастыру бойынша жүйелі дайындықты және әдістемелік материалдарды зерделеуді қарастыру — Мәдениет министрлігі, Әділет министрлігі — 1)ұйымдастыру мәселелерін шешу 1996 жылдың III тоқсаны; 2) басқа мәселелерді шешу тұрақты түрде

40.Имандылық-құқықтық тақырыптар бойынша фильмдер көрсетілетін республикалық апталықтар, айлықтар өткізуді тәжірибеге енгізу — Мәдениет министрлігі — жыл сайын

41.Көпшілік кітапханаларда заң әдебиетінің, журналдар мен газеттердің қажетті қорын құру — Мәдениет министрлігі — 1)ұйымдастыру мәселелерін шешу-1996 жыл; 2) басқа мәселелерді шешу тұрақты түрде

VIII. Жалпыға бірдей құқықтық оқуды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

42.Атқару өкіметі органдарының және олардың ведомстволық бағыныстағы — министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, — тұрақты түрде

| | | |
|---|---|---|
| кәсіпорындарының, мекемелерінің қызметкерлерін құқықтық оқыту бойынша шығындары өз қаржысы есебінен жүзеге асырылады | әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері және оларға ведомстволық бағыныстағы органдар, органдар, кәсіпорындар, мекемелер | |
| 43.Жалпыға бірдей құқықтық оқу жөнінде оқу-әдістемелік жұмысты қамтамасыз ету үшін Әділет министрлігіне 7,0 миллион теңге, Үкімет жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтына 6,0 миллион теңге бөлу | Қаржы министрлігі | 1)1996 жылдың ішінде; 2)1997 және 1998 жылдарға арналған республикалық бюджеттерде қарастыру |
| 44.Осы кешенді бағдарламада көзделген шараларды орындау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін Ғылым министрлігі Ғылым академиясына, Білім министрлігіне мақсатты нысанда қажетті қаражат бөлу | Қаржы министрлігі | 1997 және 1998 жылдарға арналған республикалық бюджеттерде қарастыру |
| 45.Заңгер кадрлар мен халықты заңгерлік әдебиетпен, кодекстермен, анықтамалармен заңдық және нормативтік актілермен, әдістемелік және көрнекі оқу құралдарымен неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында жабдықтар, қағаздар және басқа оның полиграфиялық қуатын күшейтетін техниканы алу | Қаржы министрлігі Экономика министрлігі | 1997-1998 жылдар |

үшін "Жеті жарғы" заң баспасына валюталық қаржы бөлу

IX. Жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру және жүргізуге бақылау жасау

46."Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысын жүзеге асырудың барысы туралы мәселелер қарау:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде — жылына 1 рет

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, олардың аумақтық органдарының, әкімшілік-аумақтық бірліктері әкімдерінің алқаларында, жедел мәжілістерінде — жылына 2 рет

кәсіпорындардың, мекемелердің өндірістік мәжілістерінде — тоқсан сайын

47.Жалпыға бірдей құқықтық оқуға әдістемелік басшылық — Әділет министрлігі және әділет басқармалары

48.Министрліктердегі, мемлекеттік комитеттердегі, ведомстволардағы, олардың аумақтық органдарындағы, әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттарындағы, кәсіпорындар мен мекемелердегі жалпыға бірдей құқықтық оқудың жай-күйін зерттеу және оны жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу — Бұл да сол жоспар бойынша кезеңмен

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 мамырдағы
N 591 қаулысымен
Бекітілген

**Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың басшы қызметкерлерін, облыстардың, Алматы қаласы әкімдері және олардың орынбасарларын, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының бөлім меңгерушілерін және басқа да қызметкерлерін аттестациядан өткізу үшін аттестациялық комиссияның ҚҰРАМЫ**

Шайкенов Н.А. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Тимкин М.И. - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары (келісімімен)

Шуткин С.И. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы (төрағаның орынбасары)

Комиссия мүшелері:

Абайділдинов Т.М. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің еңбек құқығы және азаматтық процесс кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты

Басин Ю.Г. - Қазақ Мемлекеттік заң институтының профессоры, заң ғылымдарының докторы

Белоруков К.В. - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Заңдылықты, құқық тәртібін және сот реформасын қамтамасыз ету бөлімі меңгерушісі (келісімімен)

Мұхаметжанов Б.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Заң бастамашылығы және құқықтық сараптама бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Рогов И.И. - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, заң ғылымдарының кандидаты (келісімімен)

Сүлейменов М.Қ. - Қазақ мемлекеттік заң институты ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі

Елубаев Ж.С. - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары(келісімімен)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК